

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Күні: 21 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: мектеп мәжіліс залы

Қатысқандар:

мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер,

Шымкент ҚПД Әл-Фараби АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны А.Т.Раимбекова

188 ата-ана,

Жиналыс тақырыбы:

«Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы.
2. Балалар қауіпсіздігі – ең маңызды мәселе.
3. «Қауіпсіз интернет» – ғаламтордың пайдасы мен зияны.
4. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы, мектептің ішкі тәртіп ережелері.
5. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, үйірме жұмыстары.
6. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналысты мектеп директоры Р.Е. Арғынбай ашып, жиналыстың мақсат-міндеттерімен және күн тәртібімен таныстырды. Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

1-мәселе бойынша:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Р. Байбатша I тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасына жан-жақты талдау жасады. Оқушылардың оқу үлгерімі, білім көрсеткіштері, пәндер бойынша жетістіктері мен кемшіліктері атап өтілді. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру, жеке жұмыс жүргізу, ата-аналармен кері байланысты күшейту қажеттілігі айтылды.

2-мәселе бойынша:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Исмайлова балалар қауіпсіздігі мәселесіне тоқталып, мектеп ішіндегі және мектептен тыс уақыттағы қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Ата-аналарға балаларды қараусыз қалдырмау, жол қозғалысы ережелерін сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша нақты ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, Шымкент ҚПД Әл-Фараби АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Раимбекова Ақерке Тулеубекқызы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, әкімшілік жауапкершілік туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

3-мәселе бойынша:

Педагог-психолог Ұ. Жаппар «Қауіпсіз интернет» тақырыбында баяндама жасап, ғаламторды тиімді және қауіпсіз пайдалану жолдарын түсіндірді. Кибербуллингтің алдын алу, зиянды контенттен қорғау, балалардың интернеттегі әрекетін бақылау

қажеттілігі атап өтілді. Ата-аналарға цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша кеңестер берілді.

4-мәселе бойынша:

Педагог-ұйымдастырушы С. Жорабек ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметімен таныстырды. Орталықтың мақсаты – ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету екендігі айтылды.

Сонымен қатар, мектептің ішкі тәртіп ережелері, ата-ана мен мектеп арасындағы келісімшарт талаптары және міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар түсіндірілді. Ата-аналарға мектеп ережелерін сақтау, балалардың тәртібіне жауапкершілікпен қарау қажеттілігі ескертілді.

5-мәселе бойынша:

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектептегі үйірмелер, спорттық секциялар және шығармашылық бағыттағы жұмыстар туралы толық ақпарат берілді. Оқушылардың қабілетін дамыту, бос уақытын пайдалы өткізу үшін қосымша білім беру ұйымдарына қатысу ұсынылды.

6-мәселе бойынша:


Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауап беріліп, ұсыныстар тыңдалды. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Оқу сапасын арттыру мақсатында ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс жүйелі түрде күшейтілсін.
2. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауға алынып, жүйелі жүргізілсін.
3. Интернет қауіпсіздігі бойынша түсіндіру және алдын алу шаралары жалғасын тапсын.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен талаптары қатаң сақталсын.
5. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
6. Ата-аналар жиналысында көтерілген ұсыныстар мектеп әкімшілігі тарапынан назарға алынсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:



Р.Е. Арғынбай

А. Құрманай